Қарағанды қалалық мәслихатында

# МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

**Сегізінші шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының кезекті XLV сессиясы болып өтті. Сессияға қалалық мәслихаттың төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов төрағалық етіп, жүргізіп отырды.**



Сессияның жұмысына қалалық мәслихаттың депутаттары, Қарағанды қаласы әкімінің міндетін атқарушы Қайрат Қамзин, қала әкімінің орынбасарлары, қаладағы Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарының әкімдері, қалалық мемлекеттік мекемелердің, қалалық полиция басқармасының, қалалық ардагерлер кеңестерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде негізінен екі мәселе:

- 2025 жылғы сәуір айынан бастап, 2025 жылғы қараша айына дейін қалалық мәслихат шешімдерін және тұрақты комиссиялар қаулыларын орындау туралы, сонымен қатар Қарағанды қаласының атқарушы органдарының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, депутаттық сауалдары мен сұрауларын уақытылы және сапалы қарауы туралы қала әкімдігінің ақпараты;
- үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жобаларды 2025 жылы іске асыру барысы және 2026 жылға арналған жоспарлары туралы мәселе және әр түрлі мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қала әкімінің орынбасарлары Рүстем Қожақапанов және Дархан Жиенбаев, Қазыбек би ауданының әкімі Ералы Оспанов және Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі Досбол Күлекеев баяндама жасап, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асырылуы жоспарланған жобалар туралы ақпараттар берді. Талқылау қорытындысы бойынша, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бағдарламаның тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар берілді.

Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Р. Қожақапанов Затаевич көшесі мен Бұқар жырау даңғылы қиылысындағы автомобиль жолының су басып кетуін жою бойынша;

Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қамзин:

- Автотұрақтар (паркингтер) санаттарын бекіту және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Қарағанды қаласының жерлеріне салықтың базалық мөлшерлемесін ұлғайту туралы;
- Қарағанды қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы шешімдерінің жобалары беру туралы.

Қаладағы Қазыбек би атындағы және Әлихан Бөкейхан аудандарының әкімдіктері:

- Дендрологиялық жоспарды енгізу бойынша жұмысты аяқтасын және Қарағанды қалалық мәслихатының дептаттарын соңғы нұсқамен салыстыру туралы;
- Қарағанды қаласы полиция басқармасының 20 тірек пунктін жөндеу және қабылдау бойынша жұмысты тездету туралы шешімдер қабылдады.

Сонымен қоса, Қарағанды қаласы әкімі аппаратының басшысы мен «Қарағанды қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-не қалада газ инспекциясын құру туралы тапсырмалар берілді.

Қаралған мәселелер бойынша қалалық мәслихаттың заңдылық және адам құқықтары мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Равиль Садыков, әлеуметтік сала және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Марина Платонова, экономика, бюджет және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Денис Дедов қосымша баяндама жасады.

Сессияда «Қарағанды қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы мәселе қарады. Өзгерістер облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер мен кредиттердің өзгеруіне, сондай-ақ жергілікті өкілетті органның шешімімен санаторлық-курорттық емделуге жіберілетін азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша қаражат бөлуге және әлеуметтік маңызы бар қалалық маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдауды субсидиялауға байланысты енгізілді. Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша болжамды көрсеткіштердің сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бюджеттің кіріс бөлігін түзету жүзеге асырылуда. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қалалық бюджеттің орындалуы 101,3% деңгейінде күтілуде. Шығыс бөлігінің артуы азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдетілген жолақыға, абаттандыруға және автомобиль жолдарын жөндеуге қосымша қаражат бөлу есебінен жоспарлануда. Сөйтіп, кезекті сессияда 2025 жылға арналған Қарағанды қаласының бюджетін өзгерту туралы шешім қабылданды.

Сессияда, сондай-ақ Қарағанды қаласында оңайлатылған мағлұмдама негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесін төмендету туралы мәселе қарап, Қарағанды қаласында оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесін 4%-дан 2%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылданды. Бұл шешімнің мақсаты – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне түсетін салықтық жүктемені азайту, бұл өз кезегінде бизнестің кеңеюіне қосымша серпін береді және болашақта бюджет кірістерінің артуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, пленарлық отырыс барысында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестендіруге бағытталған, атап айтқанда қалалық мәслихаттың «Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін анықтау туралы, тұрғын үй сертификатының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін анықтау туралы» шешіміне, «Қарағанды қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылданды.

**Сүйіндік Жанысбай**

НОВЫЙ ПОВОРОТ

# НОЧНОЙ ВЫЕЗД СКОРОЙ БУДУТ ОЦЕНИВАТЬ ДОРОЖЕ

## Данное повышение тарифа не коснётся обычных граждан



**Министерство здравоохранения Казахстана предложило увеличить оплату за вызов скорой помощи IV категории срочности вне рабочего времени с 340 до 360 тенге на одного прикрепленного человека передает NUR.KZ.**

В Минздраве считают, что это поможет службам скорой быстрее реагировать на вызовы вечером и ночью, когда поликлиники закрыты, и повысит качество помощи пациентам.

Данное повышение тарифа не коснется обычных граждан - вызовы останутся бесплатными.

Проект опубликован на портале «Открытые НПА» и будет доступен для обсуждения до 15 декабря.

В комментариях под проектом казахстанцы уже высказали недовольство.

«Это фикция, а не публичное обсуждение проекта! При отсутствии самого проекта НПА, пояснительной записки и сравнительной таблицы на портале, как этого требует действующее законодательство, его публичное обсуждение не представляется возможным!» - отметил казахстанец Андрей Суханов.

**Соб. инф.**

Қарағанды қалалық мәслихатында

# ҚАЛА БЮДЖЕТІ ҚАЙТА ҚАРАЛДЫ

**Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтіп, онда Қарағанды қаласының 2025 жылға арналған бюджетіне нақтылау енгізу мәселесі қаралды. Бірлескен отырысты қалалық мәслихаттың төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов кіріспе сөзбен ашты. Одан әрі отырысты Қалалық мәслихаттың экономика, бюджет және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Денис Дедов жүргізіп отырды.**



Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысына Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарлары Рүстем Қожақапанов, Дастан Құдабаев, Дархан Жинебаев, қала аудандарының әкімдері, Қарағанды қаласы әкімі аппаратының басшысы Станислав Поведа, мемлекеттік мекемелердің басшылары, қаланың мемлекеттік кірістер басқармаларының және БАҚ өкілдері қатысты.

Қала бюджеті және оған нақтылау енгізу туралы мәселе бойынша Қарағанды қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Айнұр Апақашева ақпарат берді.

Бірлескен отырыста Қарағанды қаласы бойынша оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесін 4%-дан 2%-ға дейін төмендету; Тұрғын үй сертификаттарын алушылардың санаттары мен мөлшерін айқындау; Қарағанды қалалық мәслихатының 2024 жылғы 3 шілдедегі №165 «Қарағанды қаласында тұрғын үй көмегінің мөлшері мен Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және басқа да мәселелер қаралды.

Қаралған мәселелер бойынша «Қарағанды қаласы мемлекеттік активтер және сатып алулар бөлмі» ММ-нің басшысы Бауыржан Қалиакпаров пен «Қарағанды қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нің басшысы Мұрат Тоқбаевтың ақпараттарын тыңдап, депутаттар жан-жақты талқылады.

Қаланың 2025 жылға арналған бюджетіне ұсынылып отырған өзгерістер, сондай-ақ қала әкімдігі енгізген қосымша мәселелер қалалық мәслихаттың кезекті сессиясында қаралатын болады.

**Сүйіндік Жанысбай**

АКТУАЛЬНО

# ДЕПУТАТЫ КАРАГАНДЫ ПОДДЕРЖАЛИ ИНИЦИАТИВУ О СНИЖЕНИИ СТАВКИ СПЕЦИАЛЬНОГО НАЛОГОВОГО РЕЖИМА НА ОСНОВЕ УПРОЩЁННОЙ ДЕКЛАРАЦИИ

**28 ноября в здании акимата города Караганды состоялась очередная сессия Карагандинского городского маслихата, на которой депутаты рассмотрели вопросы, связанные с качеством исполнения решений маслихата, работой исполнительных органов, деятельностью неправительственных организаций по государственному социальному заказу, а также внесением изменений в городской бюджет.**



В начале заседания председатель Карагандинского городского маслихата Алтынторе Букенов сообщил о поступившем письме от акима города Караганды с предложением расширить повестку. В перечень были внесены вопросы о корректировке бюджета на 2025-2027 годы, изменении ставки налогов по упрощенной декларации, а также обновлении нормативных актов по жилищной помощи и жилищным сертификатам.

Заместитель акима города Караганды Рустем Кожакапанов доложил о текущем статусе обращений и поручений:

- В работе находится один из депутатских запросов, одно решение сессии маслихата, одно постановление комиссий, одно обращение физических лиц. Основные вопросы: ремонт автодорог частного сектора, установка искусственных дорожных неровностей, остановочных павильонов.

С докладом также выступил аким района имени Казыбек би Ералы Оспанов:

- На рассмотрение поступило 2567 обращений. Из них 128 обращений на постоянном контроле. По характеру и содержанию 80 процентов составляют обращения по коммунальным вопросам и благоустройству.

Он отметил, что чаще всего граждане поднимают вопросы состояния дворовых территорий, ремонта и установки детских площадок, а также отсутствия освещения.

Депутат Нияз Сундиталиев поднял тему доступности подземных переходов для маломобильных групп граждан:

Аким пояснил сложившуюся ситуацию:

- Мы судимся с подрядчиком по восстановлению подъемного механизма в подземных переходах. Если мы оставляем объект в открытом доступе, то граждане сами катаются: дети катаются, подростки катаются, и он постоянно выходит из строя. Мы в данный момент в суде, возможно, они предложат нам что-то другое, что-то антивандальное. В письменном виде обязательно предоставим вам информацию.

Депутат Денис Дедов подчеркнул важность качественной работы госслужащих:

- Призываю давать качественный ответ. Потому что от вашего качественного ответа зависит последующая деятельность всего, связанного с жизнедеятельностью наших граждан.

Аким района Алихана Бокейхана Досбол Кулекеев сообщил, что за отчетный период поступило 1389 обращений. Наблюдается значительное сокращение количества нарушений сроков рассмотрения депутатских запросов.

Депутат Айтпану Омарова обратилась к акиму района с жалобой на опасную территорию в 21-м микрорайоне:

-Здание полностью разрушено. Вокруг него жилой массив и автостанция. Там творится что-то ужасное: свалка посреди жилого района. Ответ так и не был предоставлен, и на сегодняшний день ничего не сделано. Будет ли предпринято что-то до Нового года? Это угрожает жизни наших маленьких детей, которые идут в школу через эту территорию.

Аким пояснил:

- На сегодняшний день это территория находится не на нашем балансе. Но тем не менее вопрос у нас в акимате города стоит на контроле. У нас есть ряд предложений, которые будут рассмотрены в 2026 году.

Депутат Михаил Кузев предложил рассмотреть возможность обустройства нового социального объекта:

- Очень часто обращение, чтобы там построить плавательный бассейн детский. Прошу принять к сведению.

С содокладом о снижении ставки для предпринимателей выступил председатель постоянной комиссии Денис Дедов:

- Согласно внесенному акиматом города предложению по проекту решения по вопросу о понижении размера ставки налогов по применению специального налогового режима на основе упрощенной декларации в городе Караганде был рассмотрен на совместном заседании постоянных комиссий Карагандинского городского маслихата. Цель принятия данного решения - это снижение налоговой нагрузки на субъекты малого и среднего предпринимательства, которые должны стать дополнительным стимулом решения бизнеса, что в дальнейшем в целом обеспечит дополнительное поступление в доходы. Рекомендую депутатам проголосовать за соответствующий проект решения

По итогам голосования проект решения был поддержан. Депутаты поддержали инициативу о снижении ставки специального налогового режима на основе упрощенной декларации с 4% до 2%. Новая ставка вступит в силу с 1 января 2026 года.

**Владислав Решеткин**